

Науқан шарттары

Төмендегі барлық талаптарға сай келетін тұлғалар Акцияға қатыса алады:

- 16 жастан асқан Beeline қолданушылары
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлға ретінде өздеріне тіркелген телефон нөмірлерінің иелері.

Акцияға қатысу үшін, Сізге жазылымының ақысын Beeline теңгерімінен төлеу керек. Жазылымды бірінші айда YouTube тегін береді. Әрі қарай ай сайын жазылымның құны алынып, ақшаның бір бөлігі Сізге кешбэк түрінде қайтып отырады.

Егер жазылымға үш ай бойы төлесеніз, екі адамға арналған 1 000 000 теңгелік теңізге жолдаманың ұтысына қатысасыз.

Кешбэк көлемі ай сайын өзгеріп отырады:

- бірінші ай төлегенде 15%
- екінші ай төлегенде 10%
- үшінші ай төлегенде 5%

Төлем әдісіне мобильді нөміріңізді қосу, содан соң YouTube қосымшасы арқылы жазылымды рәсімдеу қажет.

1. Науқанға қатысу үшін Google Play Market қолданушыларына Beeline теңгерімінен YouTube Premium жазылымның ақысын төлеп отыру қажет.
2. Үш ай бойы жазылымды теңгерімнен төлеген жағдайда, абоненттерге: 15%, 10% и 5% кешбэк қайтарылады.
3. Әрі қарай 3 ай бойы жазылымды төлеп, науқан шарттарын орындаған абоненттер арасында 1 000 000 тг-лік екі адамға арналған теңізге жолдама рандомайзер арқылы ойнатылады.
4. Науқанда барлық сәтті транзакциялар қатысады, қайтарылған не сәтсіз транзакциялар ұтысқа қатыспайды.
5. Науқан барысында кешбэк нөмірге тек 3 рет беріледі (1-ші ай, 2-ші ай не 3-і ай төлемдері үшін)
6. Кешбэк төмендегі кестеге сай қайтарылады:

Ай	Мерзімі	Кешбэк
1 ай	22.05 – 18.06	15%
2 ай	19.06 – 16.07	10%
3 ай	17.07 – 13.08	5%

7. Кешбэк нөмірге қайтарылған соң, абонентке sms хабарлама жолданады.
8. Кешбэк төлем алынған уақыттан кейін 3 жұмыс күні ішінде қайтарылады.
9. Жолдаманы ойнатудың қорытындысы 20.08.2024 – не дейін осы сайтта жарияланады. Жеңімпаз қоңырау арқылы хабарланады.
10. Жазылымды тоқтату шарттары [осында](#)
11. Науқандағы кешбэкті алу мүмкіндігі компания қызметкерлеріне рұқсат етілген, бірақ жолдама ұтысына КЕМ/СЕО и СxO қызметкерлері қатыса алмайды.

Өткізу тәртібі:

Жалпы ережелер:

1. Жеңімпаздар анықталғаннан кейін (5 сан және одан жоғары сәйкестік), жеңімпаздардың жасырын нөмірлері (мысалы, 777****12) beeline.kz сайтында орналастырылады.
2. Негізгі жеңімпаз жауап бермеген не ұтыстан өз еркімен бас тартқан жағдайда, қоңырау резервтегі жеңімпазға шалынады.
3. Негізгі және резервтегі жеңімпаздар жолдамадан өз еркімен бас тартса, жеңімпазбен байланыс орнатпаса немесе ұтыс ойынының шарттарын сақтамаса, жолдама талап етілмеген болып саналады.

4. Жеңімпаз клиентті құттықтау және жолдаманың егжей-тегжейлері бойынша нақтылау мақсатында ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Акцияны ұйымдастырушы мессенджерлердегі телефон қоңырауы/хабарламасы арқылы қосымша хабардар етеді.
5. Жеңімпаз клиент жолдаманы (сертификатты) Beeline сату кеңсесінде жолдаманы алу мүмкіндігі туралы хабарлама алған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей өзіне жақын Beeline сату және қызмет көрсету кеңсесінде ала алады.
6. Beeline сату және қызмет көрсету кеңсесінде жолдаманы (сертификат) алу үшін клиенттің тіркеу деректерін тексеру үшін жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі керек. Нөмір жүлдені алатын клиентке тіркелуі керек.
7. Жеңімпазды хабардар ету күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде телефон қоңырауы немесе SMS арқылы Beeline сату және қызмет көрсету кеңсесіне жолдаманы (сертификат) жібереді.
8. Жеңімпаз жолдаманы алуға өтініш бермесе және/немесе осы бөлімнің 6-тармағында көрсетілген құжаттарды осы бөлімнің 5-тармағында көрсетілген мерзімдерде ұсынбаса, жеңімпаз жолдаманы алу құқығынан айырылады, жүлде талап етілмеген болып саналады және көрсетілген мерзімнен кейін талап етілмейді. Науқанды ұйымдастырушы мұндай жолдаманы өз бетінше иеліктен шығару құқығын өзіне қалдырады.
9. Тіркеуді растаған және осы бөлімнің 5-тармағында белгіленген мерзімде 6-тармақта көрсетілген құжаттарды ұсынған ұтыс ойынының жеңімпазы жолдаманы алушы болады.
10. Ұтып алған тұлға ұтыс алған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес пайда болатын табыс салығы бойынша уақтылы есеп беру және төлеу үшін бюджет алдында жауапты болады. Акцияға қатысушының жүлдені алуына байланысты туындауы мүмкін Ережелерде көрсетілмеген барлық басқа төлемдерді Акцияның жүлдесін алған Акцияға қатысушы дербес төлеуі тиіс. Компания Акцияға қатысушының кез келген шығындары мен шығыстары үшін жауап бермейді.
11. Акцияға қатыса отырып, клиент Акцияның барлық шарттарымен толық келіседі. Акция шарттарын орындай отырып, Егер қатысушы жүлде ұтысының жеңімпазы болса, Акцияны ұйымдастырушының сайтында және/немесе әлеуметтік желілерде Қатысушы Акцияға қатысуға және осы Ережелермен танысуға келісімін растайды, сондай-ақ өзінің тегін, атын, әкесінің атын, тұрғылықты қаласын Интернетте жариялау арқылы келісімін растайды.
12. Акцияны Ұйымдастырушы осы Ережелерді бұзған жағдайда Қатысушыны Акцияға қатысудан шеттету, сондай-ақ мониторинг нәтижелері бойынша сыйлық беруден бас тарту құқығын өзіне қалдырады. Бағалы жүлденің техникалық сипаттамаларын (түсі, жады сыйымдылығы және т.б.) Акцияны ұйымдастырушы біржақты тәртіппен өзгерте алады. Акцияның талаптары мен шарттарын Акцияны Ұйымдастырушы Акцияны Ұйымдастырушының сайтында жариялау арқылы біржақты тәртіпте толықтыруы немесе өзгертуі мүмкін.